



# Сыр бойы

26 қараша, сейсенбі 2024 жыл

№182 (20856)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады


[www.facebook.com/syrboyi.kz](http://www.facebook.com/syrboyi.kz)
[www.instagram.com/syrboyi\\_kz](http://www.instagram.com/syrboyi_kz)
[t.me/syrboyi\\_kz](https://t.me/syrboyi_kz)
[twitter.com/syrboyi](https://twitter.com/syrboyi)

## /// ПРЕЗИДЕНТ

### ҚОРҒАНЫС МИНИСТРІН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықовты қабылдады.

Президент – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаевқа қорғаныс ведомствосының биылғы атқарған қызметі туралы есеп берілді.

Мемлекет басшысына бөлімшелердің жауынгерлік дайындығы мен қарулы күштер қатарына күзгі шақыру науқанының нәтижелері, сондай-ақ әскери қызметтегі тәртіп пен қауіпсіздікті нығайтуға, әскери қызметшілердің әлеуметтік мәртебесі мен жалақысын арттыруға бағытталған шаралар жөнінде баяндалды.

Армияның жауынгерлік әлеуетін кезек-кезеңімен көтеру және әскерді даярлаудың жаңа тәсілдеріне көшу мәселелеріне айрықша назар аударылды.

Руслан Жақсылықов мемлекеттік қорғаныс тапсырысының орындалу барысы туралы баяндап, әскердің қару-жарақ пен техниканың жаңа үлгілерімен, атап айтқанда, ұшқыссыз басқарылатын авиациялық жүйелерімен, радиоэлектрондық күрес кешендерімен жаратандырылып жатқанын хабарлар етті. Бұдан бөлек, жауынгерлік машиналарды және байланыс құралдарын жаңғырту, рационализаторлық жұмысты, сондай-ақ әскери инфрақұрылымды дамыту мәселелері қарастырылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің бітімгерлік контингентінің БҰҰ аясында Голан жоталарында атқарып жатқан қызметі маңызды екенін атап өтті.

Кездесу соңында Жоғарғы Бас қолбасшы Қасым-Жомарт Тоқаев министр отандық қорғаныс қасиеттерімен өзара ықпалдастықты жандандыру, аумақтық қорғаныс пен арнайы операция жүзегі асыру, әлеуметтік-құқықтық жұмысты күшейту жөнінде нақты міндеттер жүктелді.

## ҚЫЛМЫСТЫ АШУ КӨРСЕТКІШІ ЖАҚСАРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Ішкі істер министрі Ержан Сәденовті қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа еліміздегі криминалға жағдай туралы ақпарат берілді.

Ержан Сәденовтің айтуынша, жыл басынан бері қылмыстың төмендеуі байқалады. Қылмыстық құқықбұзушылық – 5,5 мыңға, қылмыс 10 мыңға азайған.

Қоғамдық орындарда және кәсіпкерлерге толмағандардың қатысуымен жасалған құқықбұзушылықтар саны төмендеді. Сонымен қатар қылмысты ашу көрсеткіштері жақсарды.

Министр елімізде «Заң мен Тәртіп» қағидатын іске асыру, құқықбұзушылыққа «мүлдем төзбешілік» және оның алдын алу шаралары туралы хабарлады.

Жыл басынан бері әкімшілік құқықбұзушылықтың жолын кесу 40 пайызға артты, соның ішінде ұсақ бұзақылықтың алдын алу 30 пайызға, көлік қозғалысы ережелерін бұзуға жол бермеу 48 пайызға көбейді. Көлік жүргізу құқығынан айрылған жүргізушілер 32 пайызға артты, олардың қатарында мас күйде рөлге отырғаны үшін жауапқа тартылған азаматтар бар. Іздеуде жүрген 1,6 мыңнан астам қылмыскер ұсталды, олардың 158-і шетелде тұтқындалды.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы ұйымдасқан, кибер және есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қылмыстық атқару жүйесін жетілдіру және кадр үдерістерін цифрландыру жөніндегі тапсырмаларының орындалу барысымен танысты.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздегі құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік деңгейін одан әрі арттыру бойынша бірқатар тапсырма берді.

## /// БАСТАМА

### КІРПІШ ЗАУЫТЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛДЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Қызылорда Саз М» ЖШС заманауи кірпіш зауытының іргетасына капсула салу рәсімі өтті.

Өңірлік үйлестіру кенесінің шешімімен жобаға мемлекеттік қолдау көрсетіліп, зауытқа Қызылорда қаласындағы «Өндіріс» индустриялық аймағынан 7 гектар жер телімі берілді. Құны 2,3 млрд теңге болатын зауытта жылына 90 млн дана кірпіш шығарылады

деген жоспар бар. Іргетасы желтоқсан айында құйылып бітеді. Құрылыс алаңында 20 жұмысшы, 11 техника жұмыс жасауда. Зауытқа қажетті қондырғылар желтоқсан айында жеткізіліп, алдағы жылдың ақпан айында монтаждалады. Бұл зауыттың басқалардан ерекшелігі – өндіріс толығымен автоматтандырылған.

Айта кетейік, құрылыс саласында биыл 189 жобаны жүзеге асыруға 134,8 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде 36 білім беру, 22 ден-



## /// ИГІЛІК

### ТАҒЫ ЕКІ АУЫЛҒА ГАЗ КЕЛДІ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Жалағаш ауданының «Ақсу», М.Шаменов ауылдарын газ желісіне қосу рәсімі өтті. Аймақ басшысы көптен күткен игілікті пайдалануды бастаған тұрғындарды құттықтады.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы: «Аса маңызды мәселелердің бірі – ауылды кешенді түрде жетілдіру. Ауылдарға нақты қолдау көрсетіп, заманауи инфрақұрылымды дамытуымыз керек» деген болатын.

Елді мекендерге жеткізілген инфрақұрылым мұндағы халықтың әл-ауқатын арттырады, кәсіпкерліктің өркендеуіне, басқа да бастамаларға жол ашады. Өткен жылы Жалағаш ауданының бюджеті 10 млрд 848 млн теңге болды. Биыл 12 млрд 215 млн теңгеге



саулық сақтау, 13 мәдениет, 14 спорт, 1 қоғамдық тәртіп, 1 жұмылдыру дайындығы, 3 мемлекеттік орган ғимараты, 1154 пәтерлік 21 тұрғын үй құрылысы, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым тарту бойынша 85 жоба бар. Жыл басынан бері Қызылорда қаласында «Өнер орталығы», «Қан орталығы», «Үстел теннис орталығы», «Оқушылар сарайы» және сол жағалаудағы 900 орындық «Жайлы мектеп» пайдалануға берілді. Жаңа стадион, «Инновациялық-шығармашылық орталық», музыкалық колледж ғимараты құрылысы басталды. Барлық ауданда музей, кітапхана, архив, неке кино залы, ардагерлер және аналар, жастар орталықтары, азаматтық қоғам өкілдері мен тарихи-мәдени, рухани ұйымдарды біріктіретін типтік үлгідегі «Руханият орталықтары», 9 дәрігерлік амбулатория және 2 фельдшерлік-акушерлік пункт, Жаңақорған ауданының «Төменарық» ауылында, Арал ауданының «Сексеуіл» кентінде аурухана, Жаңақорған кентінде «Оқушылар үйі» және 3 «Жайлы мектеп» пайдалануға берілді. Сонымен қатар биыл демеушілер есебінен 17 нысанның жоба-сметалық құжаттамасы әзірленді.



## /// САРАП

### КӘСІПКЕРЛІК – ЭКОНОМИКА ӨЗЕГІ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев өткен жылы «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауында ел дамуының басты бағыттарын жария еткен еді. Осыған орай Мемлекет басшысы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін қолдау, ауыл шаруашылығы, энергетика, көлік-логистика, креативті индустрияны, өнеркәсіпті дамыту және басқа салалар бойынша Үкіметке нақты міндеттер жүктелді. Нәтижесінде елімізде экономиканы артараптаңдыру бойынша түрлі жұмыстар жасалуда.

Басым бағыттың бірі – шағын және орта бизнеске ерекше көңіл бөліну. Себебі елімізде ауқымды әрі күрделі міндетті іске асыруда шағын және орта бизнес экономиканы дамытудың маңызды драйвері болып тұр. Оған қоса Президент Жолдауда кәсіпкерлікті одан әрі дамыту үшін «Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын біріктіру есебінен шағын және орта бизнесті қолдау мен дамытудың кешенді бағдарламасы әзірленетінін баса айтты. Бағдарлама бәсекеге қабілетті және өсуге әлеуеті бар шағын және орта бизнесті қолдауға бағытталмақ. Бұл туралы жыл басында Ұлттық экономика экс-министрі Әлібек Қуантыров та Үкімет отырысында ерекше тоқталып өткен еді.

– Біздің министрлік «Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын біріктіруді көздейтін мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну жөніндегі бағдарламаны әзірледі. Бағдарлама бәсекеге қабілетті, импортты алмастыратын және экспортқа бағдарланған салаларды дамытуға, жаңа жұмыс орындарын құруға баса назар аударылды, – делі ол.

Кейін жаңадан тағайындалған Ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров та Парламент палаталарының бірлескен отырысында шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыруда келелі жұмыстардың жүзеге асатынын айтты. Мәселен, іскерлік ахуалды жақсарту мақсатында бизнеске қойылатын негізсіз талаптар күшін жойған. Рәсімдерді оңайлату мен лицензия, рұқсат алуға біліктілік талаптары, цифрландыру арқылы мемлекеттік қолдау шаралары мен мемлекеттік қызметтерге қол жеткізу жеңілдетілуде.

2-бет

## БАСПАСӨЗ – 2025

### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН

2025 ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫЖЫЛДЫҒЫНА «СЫР МЕДИА» ЖШС-НА ҚАРАСТЫ ГАЗЕТТЕРГЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

«Сыр бойы» газетіне 6 айға жазылу бағасы:

жекелер үшін – 4000 теңге,  
мекемелер үшін – 5000 теңге





## /// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ТАЛҚЫЛАНҒАН  
МӘСЕЛЕЛЕРГЕ  
ОРАЙ ТАПСЫРМАЛАР  
БЕРІЛДІ

Сенбіде Премьер-министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында «Әлеуметтік әмиян» жобасын іске асыру, мектепке дейінгі ұйымдардағы дербестендірілген ваучерлік қаржыландыру, дәрілік заттарды таңбалау және қадағалау, медициналық көмектегі төлемнің бірыңғай жүйесі, бюджетті жоспарлау мен қаржыландырудың кешенді автоматтандырылған жүйесіне қатысты мәселелер қаралды. Жиынға жауапты министрліктер қатысып, өңір әкімдіктері онлайн байланыс арқылы қосылды.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен арнайы жиында талқыландырылған мәселелер бойынша тапсырмалар берілді.

– Мемлекет басшысы бастауыш сынып оқушылары мен аз қамтылған отбасы балаларына мемлекет есебінен тегін ыстық тамақ беруді, мектеп асханаларындағы тамақ сапасын қадағалауды міндеттеді. Осы ретте санитарлық-эпидемиологиялық нормалардың сақталуын қатаң бақылау, оқушыларды сапасы күмәнді, арзан азық-түлікпен тамақтандырмау, тағамдардың бала ағзасын барлық қажетті дәруменмен қамтамасыз етуін назарда ұстау керек. Бұл ескелен ұрпақтың денсаулығына тікелей әсер ететін айтпаса да түсінікті. Сондықтан мектепте берілетін ыстық тамақтың сапасын тұрақты бақылауды тапсырамын. «Әлеуметтік әмиян» жобасы бойынша тиісті шараларды қабылдап, мектептердің қосылуын қамтамасыз етіңіздер. Ата-аналар мен кәсіпкерлер арасында кеңінен түсіндірме жұмыстарын жүргізіңіздер.

Меншік нысанына қарамастан, медициналық ұйымдарда әлеуметтік-медициналық сақтандыру қоры арқылы қаржыландырылатын дәрілік заттар таңбалануы тиіс. Дәрілік заттардың дұрыс және уақытылы таңбалануын қадағалаңыздар. Емдеу ұйымдарында дәрі-дәрмекке берілетін сұранысты уақытылы қаржыландырыңыздар, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, өңірде «Әлеуметтік әмиян» жобасын енгізуге арналған арнайы жол картасы бекітілді. Биыл облыстағы оқушы мен қызметкер саны 700-ден асатын және аудан, қала орталықтарында орналасқан 87 мектепке аппараттық-бағдарламалық кешен орнатуға 119,2 млн теңге бөлінді, «Транселеком» мекемесі жүзеге асыруда. Облыстың 298 мектебінде балаларға ыстық тамақ ұйымдастырылған. Тегін тамақпен қамтылған бала саны – 89572, ол жалпы бала санының 52,2 пайызын құрайды. Бастауыш сыныптар 100 пайыз қамтылған.

Тегін дәрі-дәрмекті босатуда мемлекеттік және жеке емханалар таңбалау штрих-код сканері, деректерді жинақтау терминалы және планшет құралдарымен қамтылған. Қазіргі таңда, 27 медициналық ұйымда «Әлеуметтік әмиян» жобасы аясында жалпы саны 25530 рецепт жазылып босатылған.

## /// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҮЙІРМЕЛЕРДІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ  
МӘСЕЛЕСІ ҚАРАЛДЫ

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді, спорттық секцияларды жан басына қаржыландыру, атаулы әлеуметтік көмек мәселесіне қатысты арнайы жиын өткізіп, жауапты сала басшыларына, аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

ЖОСПАРҒА САЙ  
САПАЛЫ ЖҰМЫС БОЛУЫ ТИІС

Кеше облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аймақтағы «Руханият орталықтары» мен физика-математика мектеп-интернаты құрылыстарына қатысты арнайы жиын өткізіп, жауапты сала басшылары мен аудан әкімдеріне бірқатар тапсырма берді.

Қазір барлық ауданда облыстық бюджет есебінен «Руханият орталықтары», Қызылорда қаласында «Білімді қолдау қоры» есебінен дарынды балаларға арналған 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернат құрылысы жүргізілуде.

Облыс әкімі аталған нысандардағы жұмыс бекітілген жобаға сәйкес жүргізілуі керек екенін атап өтіп, сапаға баса мән беруді тапсырды.

– Өздеріңізге белгілі, «Руханият орталықтарына» кітапхана, музей, архив, неке кино залы, жастар сарайы, ардагерлер мен аналар үйі орналасады. Ғимараттардың ішкі әрлеуі, қабырға және еден қабырғалары, сыртқы абаттандыруы, асфальт және брусчатқасы сапалы әрі көрнекі болуы керек.

Өткен аптада мектеп-интернат құрылысымен таныстым. Бұдан бұрын нысан-

– Балалардың шығармашылық үйірмелерге, спорттық секцияларға нақты қатысуын ата-аналар растаған ақпаратты негізге алып, тиісті шара қабылданды. Барлық кәсіпкерлер Face ID мобильді қосымшасымен қамтамасыз етілсін. Атаулы көмек алушылар қатарында шынайы табысын жасырып, жалған ақпарат ұсынғандар түрлі әрекетке баруда. Бұл көмек тек шын мұқтаж отбасыларға ғана берілуі керек. Осыған орай, жыл соңына дейін белгіленген жоспарды орындауды, негізсіз көмек алғандардың қаржысын мемлекетке қайтаруды тапсырамын, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, Мемлекет басшысының тапсырмасымен елімізде 2021 жылдан бері балалар мен жасөспірімдерге арналған шығармашылық үйірмелерді, спорттық секцияларды жан басына қаржыландыру бағдарламасы қолға алынды. Биыл шығармашылық тапсырыс аясында қаралған қаржыдан 600 млн теңге бюджетке кері қайтарылды.

Жалпы облыс бойынша 40 мәдениет үйі мен клубты, 15 мектеп, 1 университет корпусын кәсіпкерлер үйірме жұмысын жүргізу үшін жалға алған.

Алдағы уақытта арнайы комиссия құрылып, қаладағы, аудандардағы барлық үйірмелердің жұмысы толық тексеріледі.

ды жыл соңына дейін аяқтауды тапсырғанмын. Тиісті қаржы уақытылы әрі кедергісіз бөлінгенімен, құрылыс баяу жүруде. Құрал-жабдықтар, ғимаратқа қойылатын жиһаздар, жалпы айтқанда барлығы сапалы болуы керек.

Тиісті басқарма басшылары, қала және аудан әкімдіктері, құрылыстың мерзімінде аяқталуын әрі сапалы салынуын қатаң бақылауға алыңыздар, – деді облыс әкімі.

Аймақ басшысы барлық құрылыс алаңдарындағы жұмыс барысын бірінші басшылар үнемі бақылауда ұстауы керек екенін айтты.

ЖАҢҒЫРТУ ЖҰМЫСТАРЫ  
ҚАРҚЫН АЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы жол жөндеу жұмыстарының барысын тексерді. Алдымен Бейбарыс сұлтан көшесінен Өзілқайырхан көшесіне дейінгі Сырдария өзенінің қорғаныш бөгетін нығайту, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы көшесін реконструкциялау жұмыстарын көрді.

Жобаның мердігері – «УАД», техникалық қадағалаушысы – «ЗКА Проект», авторлық қадағалаушысы – «КБ МұнайГаз Инжиниринг» серіктестіктері. Төрт жолақты жолдың ұзындығы – 6,71 шақырым, ені – 14 метр.

Облыс әкімі басты талап жолдың сапалы салынуы, құрылыстың уақытылы аяқталуы екенін айтты. Жауапты сала басшылары жөндеу жұмыстарын үнемі тексеріп, кемшілікке жол бермеуі керек.

Айта кетейік, биыл Қызылорда облысында республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 44 млрд 703 млн теңгеге 300 шақырым автомобиль жолы жөндеуден



өтті. Облыс орталығының негізгі көшелері – әуежайдан Бейбарыс сұлтан көшесіне дейінгі аралық, қалаға Шнейден кіреберіс жол, Яссауи, Жаппасбай батыр магистральді көшелері, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы төрт жолақты болып кеңейтілді.

Қызылорда қаласында 4 млрд 700 млн теңгеге Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол асты автожолы, Арал, Жанакорған аудандарында теміржол үстінен аспалы көпір құрылыстары жүруде.

Сонымен қатар жылдар бойы күн тәртібінен түспеген «Қызылорда-Жезқазған» автожолы Президенттің тікелей тапсырмасымен қайта жаңғыртылуда. Жоба құны – 108 млрд 500 млн теңге. Қызылорда облысының аумағына тиесілі 216 шақырым жолдың 140 шақырымы аяқталды. Қалған бөлігі 2026 жылы ел игілігіне беріледі.

Мұнан бөлек, көпшілікті толғандырған «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбеге дейінгі аумағын төрт жолақтыға айналдыру мәселесі де Мемлекет басшысының тапсырмасымен шешімін табуда. Халықаралық дәліздің осы аумағын I-санатқа ауыстыру бойынша «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамы жоба-сметалық құжаттама әзірлеуде.

Облыс әкімінің  
баспасөз қызметі

ҚАЛА ӘКІМІ  
ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов және қалалық мәслихат депутаты Ділімұхамед Абызов «QOSYL» қалалық жастар ресурстық орталығына барып, орталық жұмысымен танысып, жастармен кездесті.

Еркін форматта пікір алмасқан қала әкімі Нұржан Сәбитұлы орталыққа келген жастарды кәсіпкерлікке ынталандырып, жұмысшы мамандықтарды көбірек насихаттау қажет екенін жеткізді. Әрбір бастамашыл істе креативті ұсыныс, жаңа идеялар күтетінін айтты. Тың бастамаларын қолдауға дайын екенін де атап өтті.

Кездесуде қалалық мәслихат депутаты Ділімұхамед Абызов орталық басшысының ұсынысына сәйкес, 30-ға жуық жасты тұрақты жұмыспен қамтуға дайын екенін айтты, бұл мүмкіндікті тиімді пайдаланып қалаға шақырды. Алдағы уақытта кәсіпкерлерді жұмылдырып, жастарды жұмыспен қамтуға бағытталған шаралар жүзеге асырыла беретінін де жеткізді.

Айта кету керек, «QOSYL» орталығында 8 маман жұмыс істейді. Жыл басынан бері орталық қызметіне 7125 жас жүгінген, 408 іс-шара өткізілген.

Мекеме директоры Медет Жорабек бастамалармен кеңінен таныстырып, ұсыныс-тілектерін жеткізіп, алдағы жоспарларын бөлісті.

Сара АДАЙБАЕВА,  
«Сыр бойы»

## Қызылорда облысы әкімдігінің 2024 жылғы 20 қарашадағы № 175 қаулысы

«Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы»  
Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы  
№678 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**  
1. «Жергілікті мемлекеттік басқарудың кейбір мәселелері туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2017 жылғы 4 қаңтардағы № 678 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің Ережесінде:

15-тармақтың 32) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«32) орталық мемлекеттік органдардың және олардың ведомстволарының аумақтық бөлімшелерінің, облыстың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдарының және ауыл, кент, ауылдық округ

әкімі аппараттарының Қазақстан Республикасының тіл туралы заңнамасын сақтауына мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады»;

2. «Қызылорда облысының қоғамдық даму басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Ш.А.Баймановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының  
әкімі

Н. Нәлібаев

КӘСІПКЕРЛІК –  
ЭКОНОМИКА  
ӨЗЕГІ

Бұған қоса, орта бизнестің анағұрлым бәсекеге қабілетті субъектісіне сервистік қолдау көрсетілетін және қаржылық, қаржысыз және инфрақұрылымдық қолдаудың қажетті жиынтығы болатын арнайы келісім енгізіледі. Сондай-ақ жаңа Салық кодексіне бизнесті ірілендіруге және оның көлеңкеден шығуына ықпал ететін бірқатар ынталандыру шаралары көзделген. Соның ішінде персоналдар саны бойынша өлшемшарттарды жою және ҚҚС бойынша есепке қою үшін кірістер аясында лимитін ұлғайту қарастырылуда.

– Бүгінде ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі 36,5%-ды құрайды. Орта бизнес субъектілерінің санын арттыру және кәсіпкерлікті дамыту үшін бизнес-ахуалды жақсарту және әкімшілік қысымды төмендету бойынша кешенді жұмыстар жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ мемлекеттік қолдау құрылымы қайта қаралуда, – деді депутаттардың сауалына жауап берген Нұрлан Байбазаров.

Жалпы отандық тауар өндірушілерді қолдау үшін Қазақстанда шығарылған тауарлар тізілімін енгізу жоспарлануда.

Міне, еліміз бойынша атқарылып жатқан жұмыстар легі осындай.

Қалада кәсіпкерлер  
қатары артауда

Шағын және орта бизнесті дамытуда өңірде де ауқымды жобалар жүзеге асуда. Оның ішінде Қызылорда қаласының қол жеткізген көрсеткіштеріне тоқталғанымыз келеді.

Мәселен, қала кәсіпкерлерінің саны биыл 34995-ке жетті. Оның ішінде 94,6%-ы, яғни 33095 кәсіпкер өз кәсібін дөңгелентіп отыр. Нәтижесінде 65247 адам жұмыспен қамтылып, 305,9 млрд теңгенің өнімі өндірілді.

Кәсіпкерлерді қолдауда мемлекеттік бағдарламалардың алар орны ерекше. Кейінгі жылдары ауыл халқының әлауқатын көтеруге маңыз берілуде. Осы ретте «Ауыл аманаты» жобасының бірінші кезеңінде 142,13 млн теңгеге 16 жоба қаржыландырылса, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» тарапынан қалаға қарасты кент және ауылдық округтерден «Іскер» бағдарламасы шеңберінде 132,8 млн теңгені құрайтын 24 жоба қаржылай қолдау тапты.

Ал «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеуді дамыту» пилоттық жобасы негізінде 374,5 млн теңгеге 17 жоба жүзеге асатын болады. Бүгінде екінші деңгейлі банктердің кәсіпкерлік мақсатта ұсынған несиелерін «Даму» қоры субсидиялауды жалғастыруда. Жыл басынан бері 440 жоба қолдау тауып, оған 16,6 млрд теңге қаржы бөлінді.

Мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көріп, отандық өнімді дамытуға атсалысып жүрген кәсіпкердің бірі – Сәрсенкүл Аралбаева. Ол шұлық шығаруды қолға алып, кәсібін жандандырып, өз брендин қалыптастыру жолында еңбек етуде.

– Қазір бұрынғыдай емес, шағын және орта бизнеске ерекше көңіл бөлініп, қаншама адам жұмыспен қамтылуда. Кәсіпкердің құқығын қорғауға да жағдай жасалуда. Сондай-ақ екінші деңгейлі банктердегі несиелеу шарттарында да жеңілдіктер көзделген. Оны өзім де сезініп отырмын.

Наурыз айында «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 2,5 пайызбен 5 млн теңге алып, шұлық шығару кәсібін бастадым. Күніне 300-350 пар шұлық шығарамын. Жаңа жылдан кейін жұмыс ауқымым кеңейтуді қолға алмақпыз. Осының барлығы – мемлекеттің қолдауының нәтижесі, – дейді жеке кәсіпкер.

Жалпы елімізде кәсіп бастаймын деген жандар үшін мемлекеттік гранттар мен жеңілдетілген несиелер көптеп беріледі. Бұл – өз кезегінде кәсіпкерлер қауымы үшін үлкен мүмкіндік. Себебі мемлекет тарапынан берілетін мұндай қолдаулар шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, ілгері дамуына жол ашақ. Нәтижесінде шағын бизнестің өлеуі бөлігі орта және ірі санатқа көшетін болады.

Қалай десек те кәсіпкерлерге қолдау көрсету елімізде жолға қойылған. Соның арқасында бүгінде қазақстандық шағын және орта кәсіпкерліктің экономикаға қатысу үлесі 31,7 пайыздан 36,4 пайызға дейін, яғни 4,7 пайызға өскен. Статистикалық деректерге жүгінісек, жұмыспен қамтылғандардың жалпы саны 23,8 пайызға өсіп, 4,2 млн адамға жеткен. Бұл көрсеткіш жылдың аяғына дейін әлі де өсетіні сөзсіз. Ал осы көрсеткіштер қатарында өңір кәсіпкерлері үлесінің бәрі көңіл қуантады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,  
«Сыр бойы»

1-бет



/// БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# «ДАМУДЫҢ» ҚОЛДАУЫМЕН ҚАНАТ ЖАЙҒАН

Сыр елінде бизнесті жаңа бағытта жүргізген кәсіпкерлер бар. Өсіресе «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» саланың өркендеуіне айтарлықтай оң ықпалын тигізуде. Осы орайда аталған қор ұйымдастырған баспасөз турында үш өндіріс орнының жұмысымен таныстық. Үшеуі де «Дамудың» қолдауымен қанат жайған кәсіпорын.

Айта кету керек, бизнес өкілдеріне жеңілдікпен кредит ұсыну арқылы «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» пайыздық мөлшерлемені субсидиялайды.

«Даму» субсидиялау, кепілдік беру және жеңілдікті қаржыландыру құралдары арқылы шағын және орта кәсіпкерлікке қолдау көрсетеді. Жыл басынан бері аталған қордың қолдауымен облыстың шағын және орта кәсіпорындарының жалпы сомасы 45,6 млрд теңге 1508 жобасы қаржыландырылды. Оның ішінде субсидиялау бағыты бойынша 852 жоба, кепілдік беру бағыты бойынша 582 жоба, жеңілдікпен несие беру бойынша 74 жоба қолдау тапты, – деді «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» облыстық филиалы директорының орынбасары Руслан Сламхан.

## Брендке айналған «Dalatex»

«Dalatex»-тің атын естімеген жан жоқ шығар. Себебі, ерлер жейдесін шығарумен белгілі болған компания елімізден бөлек, сырт мемлекеттерге де өнім жібереді.

2016 жылы құрылған кәсіпорын бүгінде брендке айналып үлгерді. Фабрика негізінен Қазақстан мен Ресейге арнап арнайы киімдер мен жейделер шығарады. Ал қажетті шикі-



## Сәтті әрі тәтті бизнес

Ең алдымен жас кәсіпкер Айнура Баймаханованың кондитерлік дүкеніне барып, жұмыс барысымен таныстық. Кәсібіні 2016 жылдан бастаған ол бұл салада айтарлықтай тәжірибе жинағанын айтты.

Кәсібімді үйден төрт пісіріп сатудан бастадым. Бала күтіммен отырып қосымша ақша табу жолын іздеп, туған туыстарыма тәтті тоқаштар мен төрт пісіріп беретінмін. Кейіннен тапсырыс көбейіп, цех ашу туралы шешім қабылдадым. Бүгінде «Ainur's cakes» атауымен кондитерлік өнімдерді тұтынушыларға дайын күйінде жеткіземіз. Қала бойынша 2 кондитерлік цех және кофехана жұмыс жасайды. Қарамағымда 40 шақты адам бар, – деді Айнура Мұратқызы.

Кәсіпкер 2022 жылы өнімдер ассортиментін кеңейтіп, айналымын арттыруды жоспарлап, кондитерлік цехты үлкейтуге шешім қабылдады. Қаржы қажет болғанда «2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба» бағдарламасы аясында «Қазақстан Халық Банкінен» несие, «Даму» қорының субсидия және кепілдік түріндегі қолдауын алды.

Кәсібімді кеңейтуге «Даму» қорының көмегі ерекше. Аталған қордың қолдауының арқасында өнімдерді сақтау үшін онтайлы температура ны ұстап тұратын өнеркәсіптік тоназытқыштар мен муздатқыштарды, басқа да заманауи жабдықтарды алдым. Бүгінде ассортименттің сан алуандығы мен табиғи құрамының арқасында тұтынушылардың ықыласына бөленіп келеміз. Алдағы уақытта сұранысқа сай басқа да өнім түрлерін шығару жоспарда бар, – деді ол.



затты Түркия мемлекетінен сатып алады. – «Даму» кәсіпкерлікті қолдау қорының субсидияланған пайыздық мөлшерлемесімен «ForteBank»-тен несие алдық. Бүгінде фабрикада 90-ға жуық адам жұмыс істейді. Тігіншілердің көпшілігі арнайы білім алған. Өзіміз үйретіп, мамандандырып та жатырмыз. «Dalatex» халықты отандық өніммен қамтамасыз етіп қана қоймай, үйде отырған жұмыссыз қыз-келиндердің табыс табуына ықпал етті. Алдағы уақытта тігіншілерді оқытатын

оқу орталығын ашуды жоспарлап отырмыз. Оны бітірген тігіншілер жұмыспен қамтылатын болады, – деді кәсіпорынның атқарушы директоры Нұрғұл Қосаева.

Қазір жеңіл өнеркәсіп өнімдері сұраныста. Көпшілік тұтынатын мұндай өнімдердің басым бөлігі шетелден келетіні жасырын емес әрі көп елдің басты табыс көзі. Сондықтан компания басшылығы «Даму» қорының қолдауымен қызметкер санын, өндірілетін өнім түрлерін әлі де арттырмақ ниетте.

Аружан ЕРАЛЫ, «Сыр бойы»

/// БРИФИНГ

# ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ ҚАПЕРДЕ БОЛСА...

Жылу беру маусымы кезінде тұрмыста табиғи газды қауіпсіз дұрыс пайдалану аса маңызды. Өсіресе, газ жабдықтарының техникалық жағдайын тексеріп, сақтық шараларын қатаң ұстанған абзал. Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық ТЖД мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Асхат Оразбеков өрт қауіпсіздігі бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды баяндады.

Жылу беру маусымында өрттің алдын алу және қауіп-қатерді азайту мақсатында аптаның әр сенбі күні біздің департамент пен полиция қызметкерлері және волонтерлер бірлесіп облыс көлемінде профилактикалық жұмыстар жүргізуде. Мәселен, биыл жеке сектордағы 41827 тұрғын үйді аралап, тұрғындармен 191 кездесу өткіздік. Онда электр және газ жабдықтарын орнату мен

пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелері түсіндірілді. Айта кетейік, өрт оқиғаларының көпшілігі тұрғындардың қауіпсіздік шараларына салғырт қарауынан, яғни тұрмыстық пештердің техникалық жағдайына мән бермеуінен және балаларды қараусыз қалдыруынан болып жатыр. Сондай-ақ біз аймақтағы әлеуметтік осал топтарға қолдау көрсету шараларын да жүзеге

асырып жатырмыз. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасынан алған тізімге сәйкес, тұрмысы төмен, қоппалалы, жалғызбасты аналар мен мүгедектері бар адамдар тұратын 5463 отбасы тізімі нақтыланды. Жылыту жүйесіне табиғи газ қосылған үйлерге орнату үшін 484 дана датчик сатып алынды. Жергілікті бюджет есебінен алынған 160 көмірқышқыл газын анықтайтын датчик әлеуметтік осал отбасыларға орнатылды. Айта кету керек, 19 қараша мен 19 желтоқсан аралығында әр аптаның сәрсенбі, жұма және сенбі күндері мүдделі мем-

лекеттік органдар мен түрлі қоғамдық бірлестіктер өкілдерін тарта отырып, ауқымды профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылады, – деді ол. Басқарма басшысының айтуынша, жыл басынан бері облыс аумағында 361 өрт оқиғасы тіркелген. Айтып келмейтін апаттың зардабы да үлкен. Материалдық шығын 254 млн 153 мың теңгені құрапты. Өрттің салдарынан 7 адам қаза болып 11 адам түрлі дене жарақатын алған. Мамандар осындай жауапты кезеңде өрт қауіпсіздігі бойынша түсіндірме жұмыстары жалғаса беретінін айтып отыр.

«СБ» ақпарат

ЖОБА

## Қызылорда облысы бойынша 2024 жылға ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтерін, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттарын, субсидия көлемдерін, субсидиялар алуға арналған өтінім формасын және өтінім беру мерзімін бекіту туралы

«Асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуды, мал шаруашылығының өнімділігін және өнім сапасын арттыруды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2019 жылғы 15 наурыздағы №108 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18404 болып тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Бекітілсін:
  - 1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес 2024 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары, субсидия көлемдері және өтінім беру мерзімі;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес «ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату» бойынша өтінім формасы.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

Н.Нәлібаев

«КЕЛІСІЛДІ»  
Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы  
министрілігі

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2024 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысына  
1-қосымша

Қызылорда облысы бойынша 2024 жылға арналған ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандатуға субсидиялар нормативтері, субсидиялар алушыларға қойылатын өлшемшарттары және субсидиялар алуға арналған өтінім беру мерзімдері

№	Субсидиялау бағыты	Өлшем бірлігі, бас	1 бірлігіне арналған субсидиялар нормативтері, теңге	Субсидия соммасы, мың теңге	Субсидия алуға өлшемшарттар	Ауыл шаруашылығы жануарлары бірдейлендіру жүйесінде субсидиялау шарттарына сәйкестігін тексеру әдісі	Өтінімді беру мерзімі
1	Ауыл шаруашылығы жануарлары басының азығына жұмсалатын құнын арзандату (сүтті - және сүтті - етті бағыттағы асыл тұқымды ірі қара малдың аналық басы)	1 250	268 851	336 064	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің болуы; Өтінімді беру сәтінде аналық мал басы деректерінің селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру акпараттық қорында тіркелген болуы; Өтінімді берген сәтте (1 шілдеде 13 айдан асқан сиыр мен қашарлардың) зеншікті аналық басының 600 бастан кем емес болуы; құнын толық төлегенін растайтын құжаттың электронды көшірмесі (ел ішінен сатып алған кезде: төлем тапсырмасы/ банктік үзінді көшірме/ бақылау-қаса аппаратының чектері; шетелден сатып алған кезде: кедондық декларация/ тауарларды өкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш және қаражат аударуға өтініш)	Селекциялық және асыл тұқымдық жұмыстың және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру акпараттық қорымен интеграцияланған өзара іс-қимыл	ағымдағы жылдың 30 желтоқсанына дейін (қоса алғанда)

Қызылорда облысы әкімдігінің  
2024 жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ қаулысына  
2-қосымша

«Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалған шығындар құнын арзандату» бойынша өтінім формасын бекіту

нысан \_\_\_\_\_  
(облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың)

жергілікті атқарушы органы Ауыл шаруашылығы жануарларының аналық басының азығына жұмсалатын шығындардың құнын арзандатуға субсидия алуға арналған өтінім

Өтінім нөмірі: \_\_\_\_\_  
Өтінімнің қалыптастырылған күні: \_\_\_\_\_

1. Тауар өндірушінің атауы \_\_\_\_\_

(жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі/заңды тұлғаның атауы)

2. Тауар өндірушінің мекенжайы: \_\_\_\_\_

(облыс, аудан, қала/ауыл/көше, үй нөмірі)

3. Тауар өндірушінің телефон нөмірі \_\_\_\_\_

4. Банктік деректемелері (ЖСК, Кбе, БСК): \_\_\_\_\_

5. Шаруашылықтың есепке алу нөмірі: \_\_\_\_\_

6. ЖСН-сы/БСН-сы \_\_\_\_\_

7. Өтінім берушінің жер учаскелері туралы мәліметтер \_\_\_\_\_

р/с №	Кадастрлық нөмірі	Жалпы аланы, га	Жер санаты	Нысаналы мақсаты
1.	2.	3.	4.	5.
2.				

8. Ірі қара малдың аналық басы туралы мәліметтер:

Р/с №	АЖБ-да тіркелген мал басының ЖСН-сы
1.	2.
2.	

9. Субсидиялауға жататын аналық мал басының саны \_\_\_\_\_ бас

10. Субсидиялау нормативі \_\_\_\_\_ теңге

11. Өтелетін сома \_\_\_\_\_ теңге

12. Сатып алу-сату шартының электрондық көшірмесі.

13. Электрондық шот-фактура (импорт кезінде талап етілмейді): \_\_\_\_\_

Р/с №	ЭШФ беру күні	Айналым жасалған күні	ЭШФ нөмірі	Сатушының ЖСН/БСН	Сатушының атауы	Жалпы құны
1.	2.	3.	4.	5.	6.	7.

14. Құнын толық төлегенін растайтын құжаттың электрондық көшірмесі (ел ішінен сатып алған жағдайда: төлем тапсырмасы/банктен үзінді-көшірме/бақылау-қасалық аппаратының чектері)

Шетелден сатып алған кезде: тауарларға арналған кедондық декларация/тауарларды әкелуге және жанама салықтарды төлеуге арналған өтініш(тер) және ақша аударуға өтініш). Мәлімделген мал басының (1 жыл) жыл бойы ішінде сақталуы қамтамасыз етілгенін растайтын (мал шығынының зоотехникалық нормасын және асыл тұқымды өткізуді қоспағанда), мал басының азаюы (өтініш берген күнге) және сақталуын қамтамасыз етпеген жағдайда, жануарларының сақталмаған басына алынған субсидияларды қайтаруға келесімін.

Субсидияларды алу үшін қолданылған электрондық шот-фактураларды бұғаттау туралы хабарлармен. Усынылған деректердің дұрыстығын растайтын, дұрыс емес ақпарат және құжаттар бергенін үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік туралы хабарлармен және заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға, сондай-ақ дербес деректерді жинауға, пайдалануға және өңдеуге келісім беремін.

Өтінім беруші 20 жылғы \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_\_ кол қойып, жіберді

Өтінім беруші туралы ЭЦҚ-дан алынған мәліметтер.

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

Кбе – бенефициар коды;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

АЖБ – ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дереккер;

ЖСН – жануардың сәйкестендіру нөмірі;

ЭЦҚ – электрондық цифрлық қолтаңба.



Медет ЖОРАБЕК, Қызылорда облысы Қызылорда қалалық мәслихатының №19 сайлау округі бойынша шығып қалған депутаттың орнына үміткер:

# ТҰРАҚТЫ ДАМУ – НЫҚ ҚАДАМ



– Медет Ерданаұлы, өзінің басшылық жасап отырған «Қоуы» жастар орталығы не істеп жатыр? Ғасымен жастарға қолдау көрсетіп, демейсіздер ме?

– Орталықтың басшылығына келгеніне шамамен 6 ай уақыт болды. Осы уақыт аралығында жастар қажеттіліктері мен жастардың барлық топтары арасында 400-ге жуық іс-шара өткізіліп және сол арқылы 13 мыңнан аса жаспен байланыстық. Өңірдегі мемлекеттік жастар саясатын дамыту мақсатында жергілікті бюджет есебінен бығалта 19 млн 381 мың теңге бөлініп, оған 5 әлеуметтік жоба жүзеге асырылуда.

– «Қоуы»-дың қолдауына нақты тоқталсаңыз...

– Орталықтың негізгі бағыттары мен жобалары – бірінші кезекте шығармашылық және субмәдениетті жастарға қолдау көрсету. Осыған сәйкес бүгінде жастар арасындағы негізгі шараларымыз да осы бағыттарда өтуде. Келесі кезекте орталықтың функцияларына сәйкес жұмысымыз, NEEF санатындағы жастарға қолдау көрсету, анықтау қажеттіліктеріне сәйкес көмек беру. Бүгінде NEEF санатындағы жастың 1172 мәліметі толығымен бойынша әдрестік жұмыстар жүргізілуде.

– Қазір мемлекеттік деңгейде түрлі бағдарлама бар. Арнайы жастарға бағытталғаны да жетерлік. Олар мемлекеттік мақсатқа жетіп жатыр ма? Жалпы, мемлекеттік бағдарламалардың иілігін жастар қаншалықты сезінуде?

– Мемлекеттік бағдарламалардың таралу аясын арттыру мақсатында ауыл жастарын әлеуметтік және шығармашылық қолдау көрсету бойынша қалаға қарасты ауылдық округтер мен кенттерде 1 айлық негізде мәдени-көпшілік іс-шаралар ұйымдастырылуда. «Қарауылтөбесі», «Талсуат», «Қызылжарма», «Қосшынырау» ауылдық округтерінде аталған бағыттағы шаралар ұйымдастырылып орташа 10-нан аса спорттық, шығармашылық, интеллектуалдық, акпараттық шаралар өткізілуде. «Қоуы» кенесі кеңес беру бағыты бойынша жыл басынан бері 10 рет «Мүмкіндіктер алаңы», қалаға қарасты кент және ауылдық округтер мен шет аймақтарда 5 рет «Көпшілік кеңес» өткізілді. Сонымен қатар, @jupus.bag инстаграм парақшасында 2374 оқырман бар, 102 бөс вакансия жарияланды. Мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларды насихаттауға бағытталған 7 тікелей эфир жүргізілді.

– Мұның барлығы жастардың алдында шекіз кеңістік бар екенін көрсетеді. Әлемді алақанға сыйдырып, дамуын даңғылына шыққан заманда біз соған сай жастардың қалың ортасына кіріп, жұмысымызды қарқынды жүргізіп келеміз.

– Көп жағдайда жастар арасында мәселе көтерілгенде бірінші кезекте жұмыссыздық айтылады. Қолына диплом алдып, оқу бітірген жас мамандар екі қолға бір күрек таяпай жүргені көп айтылды. Бұл қалай?

– Жастардың арасындағы негізгі мәселе ретінде жұмыссыздықтың жиі көтеріліпті. Біз сауалнама ұйымдастырып, жұмыссыз жастар дағдарысын дамыту бойынша 3 бағытта оқу курстары анықталды. «Фотоаппарат негіздері», «Мобилдәрігер» курстарын 50-ден астам жас аяқтан шықты. Олар қазіргі таңда жеке дағдарып

бойынша жалдамалы қызметтерге тартылады.

– Келесі кезекте бизнеске қызығушылығы бар жұмыссыз жастар үшін кәсіби мамандарды тарту отырып «Кәсіпкерлік» дағдарып курстары ұйымдастырылатын болады. «Ozget Team» ұлттық бастамасы аясында Қызылорда қаласында «Ozget Orda» жобасы жүргізілді. Жобаның негізгі мақсаты – уақытты жұмыссыз жастарға жана дағдарып беру, мемлекеттік бағдарламалар мен жобаларға қатысу үлесін арттыру. Қазіргі таңда бұл бастама бойынша 50 жас қамтылды. Нәтижесінде 5 жас қайтарымыз грантқа ие болса, 10-нан астам жас тұрақты жалдамалы жұмыстарға орналасты.

– Бұдан бастап өңірде жүзеге асырылып жатқан БҰҰДБ (Біріккен Ұлттар Ұйымының даму бағдарламасы) аясында 18-29 жас аралығындағы жұмыссыз жастарды «Тағлымдама» жобасы арқылы жұмыспен қамту бойынша «Самұрық-Қазына» АҚ-на қарасты жергілікті мекемелерде 30 жас іс-тәжірибелен өтуде. Қазан айынан бастап 11 ек бойынша 35 жасқа тағлымдамадан өтуге мүмкіндік берілді. Бұл жоба бойынша тұрақты бақылау орнатылып, менторлық қызметтер көрсетіледі.

– Жоғарыда аталған жобалар мен бағдарламаларға «Мансап орталығы» ұсынған жұмыссыз жастар, «Отбасылық цифрлық карта» базасынан алынған жастар қамтылуда.

– «Қоуы» бастамасымен өтетін шараларға басын ретінде қандай өзгерістер немесе жаңа жобалар қосып жатырасыз?

– Жана бастама ретінде республикалық ұйымдармен әріптестік байланыстар күшейді. Соның нәтижесінде жаңа жобалар мен тұл шаралар қосылуда.

– Өзіндік сайлауалды бағдарламаныз қандай? Қандай жанама қаламдарға барғыңыз келеді? Өрине, қазірде үзденіп беруді мен орындауымыз арасында қақтығыстық ұзарды. Сіз үзденісте тұрасыз ба?

– Өзім табиғатымнан айтқан нәрсені орындауға тырысамын. Ал орындай алмайтын жұмысты үзде етпеймін. Құдай да пенденің ойына көтере алмайтын жұрт салмайды. Осы өңірде туып-өскендіктен, туған елдің алдындағы перзенттік парыз деген үлкен ұғымды серік еткенім. Өрбір бастаманың елдің кәдесіне асақанын қалаймын.

– Біріншіден, қалалық инфрақұрылымды дамытқымыз келеді. Бұл жерде жолдарды жөндеу мен кеңейту бойынша сапалы және қауіпсіз жолдармен қамтамасыз ету. Қоғамдық көлік жүйесін жақсарту тұрасында жана бағыттарды енгізу, көліктердің тұрғындарға қолайлылығын арттыру. Инженерлік жүйелерді жанару сапасында су, жылу және электр желілерін жаңарту, үздіксіз қызмет көрсетуді қамтамасыз ету. Екіншіден, экология және қоршаған ортаны қорғау саласы да назардан тыс қалмауы керек. Жасыл аймақтарды көбейту бойынша да біраз жоспарлар бар. Мәселен, саябақтар мен бақтарды кеңейту, ағаш отырғызу. Қоқыс өңдеу жүйесін жақсартуға қомақты бөлек жана және қайта өңдеуді дамытқымыз келеді. Бұл ретте экологиялық мәдениетті арттыру – басты бағыты ие. Тұрғындар арасында экологияны қорғау бойынша түсіндіру жұмыстарын

жүргізіп, туған қаламызды таза ұстауға үйденіміз. Үшіншіден, әлеуметтік қолдау және тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруды да бағдарламалар енгізіміз. Білім беру мен денсаулық сақтау бойынша мекемелер, балабақшалар мен медициналық мекемелер салу және жөндеу бар. Әлеуметтік бағдарламаларды тиімді жүзеге асыруды қалағалып, аз қамтылған отбасыларға, зейнеткерлерге және мүгедектерге көмек көрсету. Жастар мен спорттық қолдау аясында жастар орталықтарын ашу және спорт инфрақұрылымын дамыту. Экономикалық даму және кәсіпкерлікті қолдау да – бағдарламалардағы басты бағыттардың бірі. Жергілікті кәсіпкерлерді қолдау шағын және орта бизнеске арналған гранттар мен субсидияларға қатысуын арттыру. Жұмыс орындарын құру және көмек көрсету: өндіріс орындарын ашу арқылы жана жұмыс орындарын қамтамасыз ету. Анықтық және тұрғындармен кері байланыс біздің жұмысымыздың басты нысанысы болу керек. Бұл ретте қоғамдық тыңдаулар өткізу; маңызды шешімдерді қабылдау кезінде тұрғындардың пікірін ескеру. Қаржының ашықтығы; бюджеттің жұмсалынуы халыққа тұрақты түрде жеткізіп отыру.

– Халық қалауысыз атансаңыз қандай өзекті мәселелерді көтересіз?

– Қаланың әрбір тұрғыны жақсы өмір сүруге лайықты. «Барыша жайлы қаланы» құру бағытындағы шараларды бірінші кезекте қолға алу жоспары бар.

– Сұбаттыңызға рахмет. Сізге сөзгілік тілейміз.

Әңгімелескен  
София ХАЙРУЛЛАҚЫЗЫ

///КЕШ

# КӨКІРЕГІ – КӨКТЕМ-ЖЫР

Қазақтың көрнекті ақыны, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, «Тұңғыш кітап», «Жұлдызым жоғары», «Тіршілік ұясы», тағы басқа жыр жинақтарының, «Қазақ балалар әдебиетінің антологиясы» атты он томдық еңбектің авторы, жерлесіміз Байбота Қошым-Ноғайдың 70 жылдығына арналған «Көкірегі – көктем-жыр» атты әдеби-сазды кеш А.Тоқмағанбетов атындағы қалалық мәдениет үйінде өтті.



Әдеби кеш ақынның балалық шағы туралы әсерлі қойылымнан бастау алып, әрі қарай поэтикалық шығармашылығын насихаттауға ұласты. Кешті жазушы-драматург, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Жолтай Жұмат-Олмашұлы жүргізіп, мерейтой иесінің адами болмысы, ақындық таланты, шығармашылық шеберлігі туралы әдемі ой өрбітіп отырды.

«Байбота Қошым-Ноғай – қазақ поэзиясына реформация жасаған аз ғана ақындардың бірі. Оның ізденістері өзінің тұтастығына һәм өзінен кейін қазақ жыршына келгендерге едәуір кеңістік сыйлады. Өлеңнің тың пішіндерін өркен жайып, өрісі кеңейне ықпал етті» деп баға берген екен ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ахмет Әмірзақ. Сондай-ақ Сырдың әйгілі шайыршы Шәһізада Әбдікерімов ағамыздың: – Сөзімің татауы жоқ,

тағатымы көп,  
Тұрады айтқанымның атымы кеп,  
Басымды Байбота ағам бағалаған,  
Алаштың таңғажайып

ақыны деп, – деген өлең жолдары да оның қазақ әдебиетіндегі өзіндік биіктігін байқата алатын екен.

Кешке арнайы қатысқан қала әкімінің орынбасары Дархан Тұрсынбаев қала иесінің қазақ поэзиясындағы өлшеусіз еңбегін ерекше атап өтті. Сондай-ақ шаһар басшысы Н.Ахатовтың құттықтау хатын табыстан, қазақы дәстүрмен ығына шапан жауып, құрмет көрсетті.

Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі Қаршыға Есімсейітова ақынға ҚКО басқарма төрағасы М.Құлқоңғаров құттықтауын жеткізіп, ығына шапан жапты. Сонымен қатар, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қатира Жәленова, балалар ақыны, педаго-

гика ғылымдарының докторы Рахат Наурызбаева жүрекжарды лебіздерін білдіріп, сый-сыпат табыстады.

Қазақстан Жазушылар одағының мүшелері, сатирик жазушы Нұрмахан Елтай, ақын Елубай Әуезов, Қуат Адис, жас ақын Бексұлтан Санақұл мерейтой иесіне тілегін жыр жолдарымен жеткізді. Сондай-ақ Сыр елінің белгілі азаматтары Айтбай Көшербаев, Олмесхан Болатбеков туған жеріне келіп, талғамы биік оқырманмен жүзлесіп, керемет кешке арқау болып отырған ақынға ажарма тілектерін арнады.

Байбота Қошым-Ноғай – балалар әдебиетіне үлкен үлес қосқан ақын. Ол көптомдықтан бөлек, «Әліппе» оқулығының да жаңа үлгісін әзірлеп шығарды. Өлеңдерін бүгінге дейін бірнеше буын жас өрендер жатқа оқып келеді. Соның бір көрінісі, осы кеште қаладағы С.Сейфуллин атындағы №4 ІТ лицей оқушылары оның балаларға арналған жырларын жатқа оқып, көрерменнің ыстық ықыласына бөленді.

Ақынның балалық шағы мен жастық кезеңін сомдап, лирикалық сезімге толы өлеңдерін мөлдирете оқып, поэзияның пайым-парасатын танытқан қалалық Жастар театрының шығармашылық ұжымына кеш

конактары, қарапайым оқырман қауым зор қошемет білдірді. Ақын, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Байбота Қошым-Ноғай қорытынды сөз алып, туған жер төріндегі жарқын жүзделуге келіп, шығармашылығына шынайы құрметін білдірген қалың оқырманға, кешті ұйымдастырған ел азаматтарына алғысын айтып, тебіреніске толы сезімін жыр шумақтарымен жолдады.

Айта кетуіміз керек, ақынның жары Қалима Мұқажан Байбота Қошым-Ноғай шығармашылығы жайында «Профиль», «Анафас» атты екі кітап шығарған. Кеште сөз алған ол ақынның ардақтанған туған жерінің халқына ізгі іштіптіптен алғысын білдірді.

Кеш соңында ақынның «Үлпет» атты жана кітабының тұсауы кесіліп, бірнеше кітабы көрерменге сый ретінде ұсынылды. Әдеби кешті қала өнерпаздары ән-күймен әрледі. Ал кештің қорытынды сөзінде авторды қалың оқырман қауымалап, кітаптарына қолтаңба жаздырып алып жатты. Иә, қалам иесіне деген құрметтің ең үлкені осы болса керек.

Ғазиза ӘБІЛДА,  
«Сыр бойы»

# БАҚЫЛАУ КАССА МАШИНАЛАРЫН ҚОЛДАНУ, ЖАҢА ХАТТАМАҒА КӨШІРУ ЖӘНЕ БАҚЫЛАУ-КАССА МАШИНАЛАРЫНЫҢ ЧЕКТЕРІН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ БЕРУ ТӘРТІБІ

Салық кодексінің 166-бабына сәйкес, қолма-қол ақшалай есеп айырысулар арқылы өз қызметтерін жүзеге асыратын барлық салық төлеушілер бақылау касса машиналарын қолдануға міндетті.

БҚМ қолдануға келесідей салық төлеушілер бөлінген:

- 1) жеке сот орындаушыларының, адвокаттар мен медиаторлардың;
- 2) уәкілетті органдармен келісу бойынша қолма-қол ақшалай есеп айырысулар үшін мемлекеттік органдармен келісу бойынша билеттерді бере отырып, қалалық қоғамдық қызмет тасымалдау бойынша халыққа көліктеу бөлігінде;
- 3) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің;
- 4) қызметі ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері жоқ жерлердегі салық төлеушілердің;
- 5) екінің денгейдегі банктердің;
- 6) діни бірлестіктердің;
- 7) ортақ пайдаланылатын телекоммуникациялар желісі жоқ жерлерде жүзеге асырылатын ақшалай есеп айырысуларды қоспағанда, Ұлттық пошта операторының ақшалай есеп айырысуларына;
- 8) арнаулы мобильді қосымша арқылы жүргізілетін ақшалай есеп айырысуларға қолданылмайды.

Сауда операциялары немесе қолма-қол ақша арқылы қызметтер көрсету кезінде ақшалай есеп айырысуларды жүзеге асыратын сауда автоматтары мен көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу терминалдары деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарымен жарактандыруға жатады.

Бақылау-касса машиналарын қолдану кезінде мынадай талаптар қойылады:

1) ақшалай есеп айырысулармен байланысты қызмет басталғанға дейін бақылау-касса машинасын салық органында есепке қою қажет.

2) Өрбір тауар, жұмыс, көрсетілетін қызмет үшін төленген сомаға бақылау-касса машинасының чегін беру қажет.

Сондай-ақ Бақылау-касса машинасының чектері мынадай ақпаратты қамтуы тиіс:

- 1) салық төлеушінің атауын;
- 2) салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірін;
- 3) бақылау-касса машинасының зауыттық нөмірін;
- 4) бақылау-касса машинасының салық органындағы тіркеу нөмірін;
- 5) чектің реттік нөмірін;
- 6) тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жасалған күн мен уақытты;
- 7) фискалдық деректер операторының атауын;
- 8) тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтің атауын;
- 9) сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтердің санын, олардың өлшем бірлігін;
- 10) көрсетілетін қызметті сатудың жалпы сомасын;
- 11) бақылау-касса машинасы пайдаланылатын жердің мекенжайына;

Бақылау-касса машинасының чегі бақылау-касса машинасын дайындаушы зауыттық техникалық құжаттамасында көзделген, оның ішінде қосылған күн салғының сомасы туралы деректерді қосымша қамтуы мүмкін.

Деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машинасының чегі тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алушының

(клиенттің), алушының талап етуі бойынша сатып алушының (клиенттің), алушының сәйкестендіру нөмірін де қамтуға тиіс.

Бақылау-касса машинасын салық органында тіркеу есебіне қою, тіркеу деректеріне өзгеріс енгізу, есептен шығару туралы салықтық өтінішті алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Сонымен қатар, 2022 жылы Салық кодексінің 166-бабына енгізілген өзгерістерге сәйкес, яғни сатып алушының талабы бойынша, БҚМ түбіртегерінде сатып алушының ЖСН көрсетілуіне байланысты, Комитет «Бақылау-касса машиналарын қолдану мәселелері бойынша» зерттеушілерімен және фискалдық деректер операторларымен бірлесіп бақылау-касса машиналарымен ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтер берудің бірыңғай Хаттамасын жаныартып бекітті, яғни 2.0.2 хаттамасы бекітілді.

Онлайн – БҚМ қайта бағдарламалауды Қазақстанның кез келген аймағындағы қалаларда орналасқан бақылау-касса машиналарын жөндеу және техникалық қолдау орталықтарында (қызмет алу мүмкіндігі қарастырылған. «Торговые Технологии» ЖШС, мекен-жайы Байсөтенова №140, тел.: 27-23-26, 87762272326, 87000272326 және мобильді қосымша болған жағдайда Қызылорда қаласы бойынша МКБ жүгінуге болады).

Сондай-ақ мемлекеттік тізілімге енгізілген барлық БҚМ модельдерінде техникалық талаптарға сәйкес мемлекеттік тілге ауыстыру функциясы жұмыс жасайды.

Осыған сәйкес, тіл саясатын іске асыру мақсатында барлық салық төлеушілерге Бақылау-касса машиналарының чектерін мемлекеттік тіл – қазақ тілінде басып шығаруға кенес береміз.

Егер де жоғарыдағы талаптарды сақта-

май деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын тіркетемен жағдайда ҚР Әкімшілік құқықбұзылушылығы туралы Кодексінің 284-бабына сәйкес жауапкершілік көзделетінін ескертеді.

Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы №120-VI «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодексінің 166-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында ақшалай есеп айырысулар модельдері мемлекеттік тізілімге енгізілген, деректерді тіркеу және (немесе) беру функциясы бар бақылау-касса машиналарын міндетті түрде қолданыла отырып жүргізіледі.

Сатушы (қызмет көрсетуші) тауарды сату (жұмысты орындау, қызметті көрсету) кезінде тауарды сатып алу (жұмысты орындау, қызметті көрсету) фискалдық чек беруге МНДЗЕТТІ.

Бақылау-касса машинасының чегі – сатушы (тауардың, жұмысты, көрсетілетін қызметті беруші) мен сатып алушы (клиент) арасындағы ақшалай есеп айырысудың жүзеге асыруы фактісін растайтын, қағаз түрінде не электрондық түрде берілген бақылау-касса машинасының бастапқы есепке алу құжатта.

Бақылау-касса машинасының чектері Салық кодексінің 166-бабының 6-тармағына сәйкес мәліметтерді қамтуы тиіс.

Ескертеу: ақшалай есеп айырысуы Қазақстан Республикасының аумағында жүзеге асыру кезінде бақылау-кассалық машиналарды қолдануға ӘҚБТ Кодексінің 284-бабының 7-тармағына сәйкес әкімшілік жаза қолданылатынын назарларыңызға жеткізеді.

Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы

www.facebook.com/syrboyi\_z/



Меншік иесі  
БАС ДИРЕКТОР  
Марат АРАЛБАЕВ  
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР  
Қуат ШАРАБИДИНОВ  
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)  
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)  
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)  
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)  
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38  
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті  
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)  
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.  
«АҚ» - ақылы қызмет.  
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

www.instagram.com/syrboyi\_zk

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.